

"Бурабай таулы орман алқабын қорғауды күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 27 ақпандағы N 3369 өкімін іске асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 6 мамыр N 787. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.12. N 1246 қаулысымен. ~P001246

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық басқармасының Бурабай орман шаруашылығы қазіргі шекарасының шегінде Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық басқармасының "Бурабай" табиғи-сауықтыру орман кешені" мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылсын.

Аталған орман кешенінің қызметін орман және жануарлар дүниесін күзету, қорғау мен ұдайы өсіру саласында қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық басқармасына көзделетін сомалардың есебінен және олардың шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық басқармасы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен келісе отырып екі ай мерзім ішінде аталған орман кешені Жарғысының жобасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 27 ақпандағы N 3369 N973369_ өкімінің және осы қаулының қабылдануына байланысты Президент пен Үкіметтің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу және олардың күші жойылған деп тану туралы ұсыныстарды әзірлеп, белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізетін болсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аң шаруашылығы комитеті "Бурабай" табиғи-сауықтыру орман кешенінің аумағында: 1997 жылы - орман салу даярлық жұмыстарын және осы кешеннің ормандарын қорғау санаттары бойынша бөлу туралы ұсыныстарды белгіленген тәртіппен бекітуге енгізуді; 1998-1999 жылдары - егіс жұмыстары мен орман шаруашылығын ұйымдастыру мен дамыту жоспарын жобалауды жүргізсін.

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық басқармасы аталған жұмыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аң шаруашылығы комитеті Қазақстан Республикасының ғылым министрлігі

- Ғылым академиясымен бірлесіп "Бурабай" табиғи-сауықтыру орман кешеніне орман шаруашылығы және биотехникалық шараларды ұйымдастыру мен жүргізуде қажетті консультативтік және ғылыми-әдістемелік көмек көрсететін болсын, сондай-ақ осы кешен ормандарының жай-күйіне мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК